



VII Международная студенческая  
научно-практическая конференция

*«Молодые акулы  
бизнеса»*



International  
Academy of  
Business

**YOUNG SHARKS OF BUSINESS**

**БИЗНЕСТІҢ ЖАС ТАРЛАНДАРЫ**

**МОЛОДЫЕ АКУЛЫ БИЗНЕСА**

Collection of articles

Мақалалар жинағы

Сборник статей

Almaty, April 28, 2014  
Алматы қ., 2014 жылдың 28 сәуірі  
г. Алматы, 28 апреля 2014 г.

**Международная  
Академия  
Бизнеса**

# **СБОРНИК СТАТЕЙ**

**VII Международной студенческой  
научно-практической конференции  
«Молодые акулы бизнеса»**

**28 апреля 2014 года**

**Алматы, 2014**

**УДК 378**  
**ББК 74.58**  
**М75**

**Редакторы:**

*Шакирова С.М.*, к. филос. н. - редактирование статей на русском языке, подготовка сборника к печати

*Абдрасилова Г.З.*, к. филос. н. - редактирование статей на казахском языке

Все статьи прошли проверку на уникальность текста в системе Advego Plagiatus v.1.2. (не ниже 60%).

Сборник статей VII Международной студенческой научно-практической конференции «Молодые акулы бизнеса» - Алматы, 28 апреля 2014 г./ Международная Академия Бизнеса – 396 с.

**ISBN 978-601-7470-20-3**

Настоящий сборник предназначен для студентов, магистрантов, молодых исследователей, интересующихся актуальными экономическими проблемами Казахстана, теорией и практикой современного менеджмента, учета, аудита, финансов, философии бизнеса и межкультурных коммуникаций.

**УДК 378**  
**ББК 74.58**

**ISBN 978-601-7470-20-3**

<b>№</b>	<b>Автор</b>	<b>Название статьи</b>	<b>Научный руководитель</b>	<b>Вуз</b>	<b>Стр.</b>
3	Воронцов Альберт Андреевич	Work and Travel - программа межкультурной коммуникации	Цай Е. Н.	Международная Академия Бизнеса, «Маркетинг», 2 курс	325
4	Жолдасбай Алдияр Еркеұлы	Внедрение экономических метафор в экономическую терминологию	Мырзаханов Т.А.	Международная Академия Бизнеса, «Экономика», 2 курс	326
5	Жумагулова Айгерим Улановна, Еникеева Расима Азатовна	Менеджмент мамандығының қазақ-орыс тілдеріндегі терминдері	Иманбердиева С.К.	Международная Академия Бизнеса, «Менеджмент», 1 курс	329
6	Капарова Асель Кеменгеркызы	Direct and indirect communication in multicultural organization	Агашкина И.И.	Международная Академия Бизнеса, «Связь с общественностью», 1 курс	332
7	Капарова Асель Кеменгеркызы	Қазақ тілін оқыту мәселелері	Акимбекова Г.Ш.	Международная Академия Бизнеса, «Связь с общественностью», 1 курс	334
8	Кулакеева Диана Баратовна	Мифологические образы сказочной картины мира казахского, русского и английского народов	Цай Е.Н.	Международная Академия Бизнеса, «Маркетинг», 1 курс	336
9	Кыдырова Махаббат Маратовна	National identity in multilingual society	Касенова Р.П.	Жезказганский университет им. О.А.Байконурова, «Иностранный язык: 2 иностранных языка», 4 курс	338
10	Муратбекова Маржан Нурланкызы, Мусина Алуа Нурбайкызы	The role of non-verbal language in intercultural business communication	Сейтмагамбетова У.К.	Международная Академия Бизнеса, «Маркетинг», 2 курс	340
11	Омирсериков Бахытжан Канатулы, Шадрина Алина Ильинична	Language and globalization	Бершина Н.В.	Международная Академия Бизнеса, «Маркетинг», 1 курс, «Менеджмент», 1 курс	342
12	Сабыржан Нуржан Нурланулы, Керимкулова Алия Медербекқызы	Некорректность действующей системы образования как источник проблемы внедрения политики триязычия на территории РК	Глущенко М.Е.	Международная Академия Бизнеса, «РДИГБ», 2 курс	345

## **Менеджмент мамандығының қазақ-орыс тіліндегі терминдері**

**Тірек сөздер:** *менеджмент, басқару, термин, балама, дәлдік, мағына, ұғым.*

Қазақ тіл білімінде терминология мәселесіне көп назар аударып, қазақ терминологиясының дамуына елуелі үлес қосып жүрген терминолог-ғалымдардан терминжасамның қағидаттарын анықтап берген академик Ә.Қайдар, профессор Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, С. Сәрсенова т.б. атауымызға болады. Біз осы ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдық.

Тілдің экономика, лингвистика, әскери өнер, заң, ақпараттық технология, бір сөзбен айтқанда, кез келген саласының терминологиясы жан-жақты түрде кешенді зерттеуді қажет етеді. Терминология халықтың сипаты, құндылық жүйесі, этикалық және тарихи тағдырынан, бағытынан мағлұмат бере отырып, қазіргі уақыттағы лингвистиканың көптеген теориялық жағдайын жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды. Терминологиясы кез келген сала бойынша дұрыс қолданысқа еніп, қалыптасқан тілді ғана ғылыми тілі қалыптасқан деп айтуымызға болады. Термин жасау ісінде тәжірибе алмасудың құралы –көп тілді терминологиялық және басқа да сөздіктерін жасау. Көп тілді терминологиялық немесе басқа да сөздіктер жасау, қолданысқа енгізу жан-жақты тиімді, пайдалы іс. Мұндай терминологиялық сөздіктер пайдаланушыға қосымша ақпарат көзі және бағдар ретінде қызмет етеді. Қазіргі кезде екі-, үштілдік сала бойынша терминологиялық сөздіктер көптеп басылып шығуда, біздің мақсатымыз – студенттерге, қалың оқырманға қолжетімді сайттарда берілген экономика саласының, соның ішінде менеджмент мамандығына қатысты терминдердің (қазақ және орыс тілдеріндегі) аражігін ашып, мағыналық және құрамдық жағынан дәлдігін, сәйкестігін айқындау. Мұның себебі қазіргі кезде экономика саласының менеджмент, маркетинг, бағалау т.б. мамандықтары бойынша студенттер білім алуда, яғни олар пайдаланатын сөздіктердің қаншалықты тиімділігі және екі тілдегі терминдердің ұғым ретінде қаншалықты санада қонымды, дұрыс қабылданатын анықтау. Бұл мақсат-міндеттерімізді жүзеге асыру үшін болашақта осы мамандық бойынша студенттер арасында сауалнама жүргізу. Зерттеуіміздің қазіргі деңгейінде біз, алдымен екі тілде берілген тер-

миндердің дефинициясы келтірілген мысалдарды талдау болып табылады. Мақаламызда салыстыруға қолайлы болу үшін біз терминдерді қазақ тілінде, содан кейін бірден орыс тіліндегі нұсқасын келтірдік:

*Менеджмент* (ағылшынша manage – басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы.

*Менеджмент* (от англ. management – управление, руководство, администрация, дирекция, умение владеть) — разработка, создание (организация), максимально эффективное использование (управление) и контроль социально-экономических систем.

*Басқару* – реттеуге, қорғауға, қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін өзгертуге немесе жоюға бағытталған, субъектінің нысанға әрекету процессі.

*Управление* – это процесс распределения и движения ресурсов в организации с заранее заданной целью, по заранее разработанному плану и с непрерывным контролем результатов деятельности.

*Стратегиялық менеджмент* – стратегия бәсекеге қабілетті көптеген іс-әрекет пен бизнес тәсілдерінен тұрады. Жалпы алғанда, стратегия – бағыт-тұғырын (позициясын) нығайтуға бағытталған фирманы басқару жоспары, тұтынушыларды қанағаттандыру мен қойылған мақсаттарға жету.

*Стратегическое управление (менеджмент)* – функция управления (менеджмента), распространяется на долгосрочные цели и действия компании. Формулировка стратегии (образа действий) и её чёткий инструментарий являются ядром управления и важным признаком хорошего менеджмента компании.

*Жоспарлау* – мақсаттарды құру мен оларды өндіру жолдарын сипаттайды

*Планирование* – управленческая деятельность, отражаемая в планах и фиксирующая будущее состояние объекта менеджмента в текущие моменты времени.

*Ұйымдастыру* – еңбекті біріктіру және бөлу, оның ішінде ұым құрылымын құру, міндеттерді бөлу мен өзара қозғалыстарды қауымдастыру сұрақтарынан тұратын басқару функциясы

*Организовывать* – учредить (учреждать), основать (основывать) путем привлечения общественных сил, предпринять сообще, коллективом. Организовать кассу взаимопомощи. Организовать курсы.

*Пайда* – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түскен табыстың осы тауарларды өндіру мен сатуға немесе қызмет көрсетуге жұмсалған шығыннан асып түсуі.

*Прибыль* – положительная разница между доходами (выручкой от реализации товаров и услуг) и затратами на производство или приобретение и сбыт этих товаров и услуг.

*Бәсеке* – нарық субъектілерінің өнімді өндіру мен оны өткізудегі және капиталды қолдану сферасындағы ара қатынастары.

*Конкуренция* (лат. *concurrentia*, от лат. *concurro* – сбегаюсь, сталкиваюсь) – это борьба между экономическими субъектами за максимально эффективное использование факторов производства.

*Ассесмент-орталық* (ағылш. *assessment*) – жұмыстарды табысты орындауға қажетті сапаларға ие қатысушыларды анықтауға арналған арнайы жинақталған білімдер кешенінен тұратын арнайы әзірленген рәсім.

*Ассесмент-центр*, или центр оценки (от англ. *assessmentcenter*) – один из методов комплексной оценки персонала, основанный на использовании взаимодополняющих методик, их психологических и профессиональных особенностей, соответствия требованиям должностных позиций.

*Сапа менеджменті* – ұйым басшылығы мен басқару бойынша сапа тұрғысындағы айқындалған іс-әрекеттер.

*Система менеджмента качества (СМК)* – совокупность организационной структуры, методик, процессов и ресурсов, необходимых для общего руководства качеством.

Сонымен, біз осы мақала көлемінде менеджмент мамандығына қатысты қазақ-орыс тілдеріндегі 9 терминді қарастырдық. Орыс тілінен қазақ тіліндегі баламасы мейлінше дәл берілген деген ойдамыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдармен дәйектеп көрелік:

*Басқару-управление*

*Пайда-прибыль*

*Бәсеке-конкуренция*

Бұл мысалдардан мағыналық дәлдікті байқаймыз.

Сонымен қатар, терминдер екі тілде де бір компонентті, екі компонентті және үш компонентті болып келеді. Мәселен, бір компонентті: қазақ тілінде – *менеджмент, басқару, ұымдастыру, пайда, бәсеке*. Орыс тілінде – *менеджмент, управление, организовывать, прибыль, конкуренция*.

Екі компонентті: қазақ тілінде – стратегиялық менеджмент, ассесмент-орталық, сапа менеджменті. Орыс тілінде – стратегическое управление (менеджмент), ассесмент-центр.

Келтірілген терминдердің ішінде *стратегиялық менеджмент – стратегическое управление (менеджмент)* қазақ тіліндегі нұсқасында шетел тілінен енген *менеджмент* компоненті қолданса, орыс тілінде оның орыс тілінде беретін ұғымы *управление* беріліп, менеджмент сөзі жақша ішінде келтірілген. Сол себепті қазақ тіліндегі нұсқасында дәлдік болу үшін баламасын стратегиялық басқару (менеджмент) деп беруге де болатын еді. Алайда басқару, управление сөздері менеджмент ұғымын беретін болғандықтан, қайталану орын алады, сол себепті мағыналық нақтылық үшін екі тілде де не *стратегиялық басқару – стратегическое управление, не стратегиялық менеджмент – стратегическое управление деп беруге болар еді*.

Үш компонентті: орыс тілінде – *система менеджмента качества*

Аталған терминдер арасында шетел тілінен енген терминдер қатарына *менеджмент, конкуренция, ассесмент-орталық* терминдерін жатқызуға болады.

Алайда орыс тіліндегі система менеджмента качества қазақ тілінде *сапа менеджменті* деп берілген, яғни аударма термин мағынасын толық қамтымайды. Орыс тіліндегі нұсқасында үш компонентті «система» сөзімен берілген, қазақ тілінде оны «жүйе» деп беруге болады. Дегенмен, қазақ тіліндегі бұл терминнің баламасы екі компонентті, яғни аталмыш терминнің екі тілде мағыналық және құрамы жағынан сәйкестік жоқ.

Қорытындылай айтарымыз, сала бойынша терминдерді қазақ тілінде дәл болмасын беру және терминжасам қағидаттарына сай терминді жасау мемлекеттік тілдің мәртебесін асыруда маңызды болып табылады.

### **Әдебиеттер:**

1. Жәкенова Б., Тәмпішева Қ., Мақсатова Л. Менеджмент негіздері, –Астана, 2007. 35 - 51 бб.
2. Ахметов К.Ғ., Сағындықов Е.Н., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Жұмаев Ж.Ж. Менеджмент негіздері, –Ақтөбе – Орал, –2005. 103 б.
3. <http://kk.wikipedia.org/wiki/Менеджмент>
4. <http://magistr.kz/referat/show/3533/51/1>
5. <http://kaz.docdat.com/docs/index-20734.html>
6. <http://kk.wikipedia.org/wiki/Бизнес>
7. <http://kk.wikipedia.org/wiki/Экономика>
8. <http://kk.wikipedia.org/wiki/Мониторинг>
9. <http://kk.wikipedia.org/wiki/Бәсеке>
10. <http://www.telecom.kz/page/single/glossarij-terminov>
11. [http://ru.wikipedia.org/wiki/Стратегический\\_менеджмент](http://ru.wikipedia.org/wiki/Стратегический_менеджмент)
12. <http://www.e-reading.bz/chapter.php/97486/22/Mihaleva..>